


Орал Мақсат медициналық колледжі



Бір жасқа дейінгі балаларды
аралас және жасанды
тамақтандыру.

2021 жыл

Орындаған: Есенова А.М.
Тексерген:

Жоспар:

- I. Кіріспе.
- II. негізгі бөлім.
 - тамақтандыру түрлері,
 - дені сау бала бөлмесінің жабдықталуы,
- III. қорытындылау,
- IV. қолданған әдебиет түрі.

Балаларды тамақтандыру маңыздылығы:

- Балалардың дұрыс дамып жетілуі үшін оларды туғанынан бастап дұрыс рационды тамақтандыру, олардың өмірін сақтауға және денсаулығын жақсартуға бағытталған маңызды әрі тиімді шаралардың бірі болып табылады. Балаларды тамақтандыру - өсіп келе жатқан жас ағзаны толық қамтамасыз ету, қалыпты жетілу, иммунитетін жақсарту, жағымсыз әсерлерге төтеп беру қабілетін арттырады.
- Өсу кезеңінде және ағзаның даму барысында зат алмасу қарқындылықпен және кейбір анаболикалық процестерді игерумен сипатталады.

1 жасқа дейінгі балаларды тамақтандыру түрлері

Тамақпен организм қажетті заттар мен өсуге керекті пластикалық материалдарды қабылдайды. Баланы рациональды тамақтандыру оның дұрыс дене құрылысын, психикалық дамуын, ауруларға жақсы қалыптасуын қамтамасыз етеді.

1 жасқа дейінгі балаларды тамақтандырудың 3 түрі бар: табиғи, аралас және қолдан тамақтандыру.


Табиғи тамақтандыру дегеніміз - 5 айға дейін баланы тек анасының сүтімен қоректендіріп, оған 1 айында шырындар, 5 айында қосымша тамақ беру.

Табиғи тамақтандырудың келесі артықшылықтары бар:

- 1. Ана сүтінің химиялық құрамы жақсы:
- а/ Ана сүтіндегі ақуыздар альбуминдер және глобулиндер, олар ұйығанда өте майда сүзбе береді, оны қорыту оңай, ал сиыр сүтінде казеин, сүзбесі ірі болады.
- б/ Ана сүтінің майлары қанықпаған май қышқылдарынан тұрады, олар жұмсақ майлар. Ал сиыр сүтінде қаныққан майлар, қатты, қорыту қиын.
- в/ Қанттары-бетта лактоза, бифидум бактериясының өсуіне себепкер болады. Сиыр сүтіндегі лактоза-ішек таяқшасын өсіреді.
- г/ Минеральды тұздардың құрамы-оптимальды.
- д/ Ана сүтінің құрамында А,Д,Е,С витаминдері бар. Сиыр сүтін қайнатқанда олар бұзылып кетеді.



- 2. Ананың сүті таза.
- 3. Әр - дайым жылы.
- 4. Ана сүтінде гармондар мен имунды денелер бар.
- 5. Эмоциональдық фактор-кіндік кесілгеннен кейін бала мен ана арасындағы байланыс емшектің сүті арқылы сақталады.
- Босанғаннан кейін бірінші күндері емшектен уыз шығады. Ол қою кілегей сарғыш сұйық зат. Уызда ақуыздар сүтпен салыстырғанда 4 есе, тұздар 2 есе көп, витаминдер, имундық денелер де көп. Уыздың құрамы баланың тканьдеріне жақын, сондықтан қорытылмай-ақ сіңеді. 4-5 күннен өтпелі сүт, екінші аптадан бастап сүт шығады.



Бір жасқа дейінгі балалардың тамақтық энергияға мұқтаждығы.

Жасы	ДДҰ комитеті ұсынған 1985 ж.	
	Ккал/кг	кДж/кг
0- 2 ай	116	485
3-5 ай	99	415
6-8 ай	95	400
9-11 ай	101	425

Қоспа беру себептері:

- Егер бала салмағын мөлшерінен аз қосса, емізу аралығында мазасыз болса, бақылау өлшеуін өткізген кезде емшектен сорып алған сүті оның жасына қажетті мөлшерден аз болса баланы аралас тамақтандыруға аударып үстеме тамақ ретінде сүт қоспалары беріледі.
- Сүт қоспалары бейімделген және бейімделмеген қоспалар болып бөлінеді. Бейімделген қоспалардың құрамы «ана сүтіне ұқсас». Оларға «Малютка», «Малыш», «Детолакт», «Витолакт» т.б.жатады. Бейімделмеген қоспалар қарапайым және қышқыл болып бөлінеді. Қарапайым қоспаларға сиырдың сүті, «Крепыш», «Здоровье», ал қышқыл қоспаларға-айран, биолакт, «Балдырған» жатады.

Аралас тамақтандыру дегенді қалай түсінуге болады?

Аралас тамақтандыру бала ана сүтімен қатар, оның жетіспеушілігі жағдайында сүт қоспалары түрінде үстеме тамақ қабылдауы.

Себебі гипогалактия – ана сүті мөлшерінің жеткіліксіздігі.




Гипогалактияның 2 түрі бар:

1. *Ерте* – босанудан кейінгі алғашқы 10 күнде дамиды.

2. *Кеш* – босанудан кейінгі 10 күннен кейін дамиды.

Гипогалактия себептері:



- ❖ Баланы ана төсіне кеш салу
- ❖ Ана төсіне дұрыс салмау
- ❖ Ана төсіне сирек салу, баланың сору белсенділігінің төмен болуы.
- ❖ Емізіктерді немесе басқа да құралдарды қолдану.
- ❖ Анасының аурулары, босанудың асқынулары
- ❖ Төспен емізетін әйелдің тамақтану және күн тәртібін сақтамауы
- ❖ Психикалық жарақаттар
- ❖ Әйелдің баланы төспен емізуге деген ынтасының болмауы.



Балаға ана сүті мөлшерінің жетіспеушілігінің белгілері:

1. Бала мазасыз, тамақтану арасындағы үзіліске 1,5 – 2 сағаттан

3. Зәрге отыру ұрттық шыдамайды, жылауық.

жиілігі азаяды –
тәулігіне 15
реттен кем.

4. Нәжісі сирек
(болмайды немесе
тәулігіне 1 рет).

2. Бала дене салмағының артуы жеткіліксіз, тері асты май қабаты жуқарады.

5. Емізгеннен
кейін ана төсінде
сүт қалмайды.

Гипогалактия емі:

- Ана төсіне жиі салу

Төспен емізетін әйелдің тамақтану және күн тәртібін сақтауы.

Тәулік бойы қабылданатын сұйықтықтың мөлшерін арттыру, емізер алдында сүт және қант қосылған шай ішу.

Тағам құрамына сүт бөлінуін ынталандыратын тағамдарды енгізу:

саңырауқұлақ сорпасы, тұздалған саңырауқұлақ, грек жаңғағы

Алғашқы күндерден бастап, емізуден кейін төс бездерінде қалып қойған сүтті соңғы тамшысына дейін сауып тастау

Сүт бездерін сипалау, контрасты душ өткізу.

Сүт бездеріне ультракүлгін сәуле әсерін қолдану.

Құрғақ сыра ашытқысының пастасы – 1 шай қасықтан күніне 2 рет.

Аралас тағам беру тәсілі

- Тәуліктің тағам мөлшерінің $\frac{1}{3}$ бөлігі жасанды тамақтардан тұратын болса аралас тамақтандыру болып есептеледі. Берілетін қосымша тамақ үстеме тамақ деп атайды. Емшек сүтімен қоспаның көрсеткіштері 2:1, 1:1 и 1:2. Аралас тамақтандыруға негізгі себеп сау баланың салмақ қосуы тоқтағаны болып саналады. Бұндай жағдайды анықтау үшін дене салмағының мониторингі жүргізіліп анықталды. Қосымша тағайындаудың басқа себебі: анасы жұмыс істеген кезде, сонымен қатар сауылған сүтті сақтай алмау жағдайлары жатады.

Сүт қоспаларының түрлері

1. Бейімделген сүт қоспалары
– сапалық құрамы бойынша ана сүтіне ең жақын түрде дайындалған:

- *Тәтті* – әр түрлі өндірістік жағдайда дайындалған сүт қоспалары
- *Қышқыл* – сүт тағамдары – афидофильді сүт қоспалары

2. Бейімделмеген сүт қоспалары – құрамында витаминдер, минералды тұздар және органикалық заттар бар, ұзақ мерзімге қолдануға кеңес берілмейді

- *Тәтті* – толысқан сүт, Б және В қоспалары, залаласызданды-рылған сүт, витаминдермен байытылған сүт тағамдары.
- *Қышқыл* – сүт тағамдары – бала айраны, Б және В айраны, “Биолакт” және т. б.

Үстемені енгізу жолдары:

- ❖ Үстеме мөлшері, баланың бір реттік тағам мөлшері мен бақылаулы тамақтандыру әдісі бойынша анықталған ана төсінен сорып алған сүт мөлшерінің айырмашылығы бойынша анықталады.
- ❖ Үстеменің толық мөлшерін біртіндеп 2-3 күннің көлемінде енгізеді.
- ❖ Үстеме әрбір тамақтанудан соң, ана сүтін емгеннен кейін беріледі.
- ❖ Үстеме шөлмек арқылы берілгенде, бала ана төсінен сорғанда кездесетін қиындықтарды сезінуі қажет.
- ❖ Үстемені дайындау туралы кеңестер қатаң сақталуы және тек баланы тамақтандыру алдында ғана дайындалуы қажет.
- ❖ Үстеме жылылығы $+37^{\circ}+38^{\circ}\text{C}$ болуы қажет.
- ❖ Шөлмекті 45° ұстау қажет, аэрофагияның алдын алу мақсатында шөлмек мойыны сүтпен толып тұруын қадағалау қажет.

Аралас тамақтандырудың ережелері:

1. Аралас тамақтандыру үшін бейімделген және бейімделмеген коспалар колданады
2. Аралас тамақты біртіндеп 3-4 күннің ішінде тәуліктік тамақ мөлшерін толық қамтамасыз ететіндей етіп енгізу қажет
3. Аралас тамақтандырудың ең жақсы тәсілі үстеме тамақ емшек емгеннен кейін беріледі
4. Үстеме тамақты қасықпен беру қажет
5. Сәби ең аз болғанда тәулігіне үш рет емшек ему керек, үйткені баланы сирек емізу емшек сүттің азаюына әкеліп соқтырады
6. Тамақтандыру тәртібі аралас тамақтандыруда, тамақтандыру сағаттары мен аралық үзілістері, табиғи тамақтандырудағыдай болып қалады
7. Аралас тамақтандыруда тиісті тамақ мөлшері көлемдік тәсілмен есептеп шығарылады
8. Аралас тамақтандыруда барлық қосымша тамақ түрлерін табиғи тамақтандырудағыдан 2-4 апта ерте қосады.

Қорегін есептеп шығару

Тағам аттары	Мөлшері	Белок, г	Майлар	Көмірсулар, г	Каалориясы, ккал
Биолакт	5,600	15,0	16,0	43,0	385,0
Ботқа	150,0	5,6	8,9	24,4	205,2
Жеміс пюресі	50,0	0,3	-	11,0	45,0
Көкөніс пюре	150,0	2,9	4,4	25,4	158,4
Жұмыртқа сарысы	8,0	1,2	2,6	0,1	29,2
18 сүзбе	40,0	5,6	7,2	0,53	90,4
Алма шырыны	60,0	0,3		7,2	32,2
Өсімдік майы	3,0		3,0		27,0
Барлығы:	1021	31,0	42,5	101,4	925
1 кг салмаққа		4,1	5,7	13,5	125
1 кг салмаққа физиологиялық		4,0	65,5	1214	115125

Жасанды тамақтандыру -



бала тіршілік етуінің алғашқы күннен бастап ана сүті болмаған жағдайда немесе ана сүтінің мөлшері тәуліктік тағам мөлшерінің 1/5 бөлігінен кем болғанда тағайындалатын тамақтану түрі. Сүт тағамдары 2 топқа бөлінеді: 1.бейімделген 2.бейімделмеген

- **Жасанды тамақтандыруға көшу себептері:**
 - 1. Баланы төспен тамақтандыруға кедергі болатын анасының ауыр жағдайы
 - 2. Анасында сүттің мүлдем болмауы
 - 3. Анасының болмауы

Жасанды тамақтандыру тәртібі:

1. Тамақтың тәуліктік мөлшері белгілі көлемдік тәсілмен сәбидің жасына сәйкес анықталады.
2. Тәуліктік тамақтандыру саны 5-ке көшіріледі (жасанды сүт асқазанда ұзағырақ сақталады).
3. Қоспалар еміздікпен беріледі.
4. Жана туылған және алғашқы 2-3 айда бейімделген қоспалар беру қажет.
5. Қоспалар сәбиге 35-40 градусқа дейін жылытып беру керек. Еміздіктің тесігі үлкен болмауы керек (шыныны төмен қаратып ұстағанда қоспа тамшылап ағуы қажет).
6. Баланы тамақтандырған кезде шынының мойыны ұдайы толып тұрып, ауа жұтуға мүмкіндік бермейтіндей болуы керек.



- ◎ Бала ауырса, әсіресе дене қызуы көтерілген жағдайда, оған міндетті түрде су қажет. Су тек шөлін қандырып қоймай, терлетеді әрі ағзадан несеппен бірге вирустардың да шығуына көмектеседі. Емшектегі бала үшін сусынға деген қажеттілік тәулігіне шамамен бір рет емізу мөлшеріне тең деген пікір бар.
- ◎ Ыстық кезде, баланың тісі шығып жатқанда, сондай-ақ дене қызуы көтерілгенде, оған берілетін сұйықтық мөлшерін 1,5-2 есе молайтуға болады. Есте болатын бір жайт, түнде (әсіресе ыстықта және үйдегі жылыту жүйесі қатты жұмыс істеп тұрған қыс мезгілінде) сәбилердің ауызы құрғайды, бұл дұрыс ұйқыға кедергі келтіреді. Сондықтан түнде оған тәттісі жоқ сусын беріп қойған артық болмайды.
- ◎ Қайнатылмаған су беруге мүлде тыйым салынады.

- Шырындарды, әдетте, 3 айдан бастап береді. Оны біртіндеп, бастапқыда 3-5 тамшыдан береді. Шырынға су қосуға да болады.
- Шырынды шырын сыққыш көмегімен үйде де даярлауға болады. Оған қант қосылмағаны дұрыс.
- Емшектегі сәби үшін ең қолайлысы – көк алмадан даярланған шырындар. Бұдан өзге алмұрт, сәбіз немесе алма-сәбіз, қарақат, шие, анар және шабдалы шырындарын беруге болады. Көкөністерден қырыққабат шырыны пайдалы.



- 5 айлық балаға 4 рет емшек еміл, 1 рет көкөніс пюресін және бұдан басқа әр түрлі шырын мен балық майын береді.
- 5—5,5 айлық бала тағамының рационына 5 проценттік манний ботқасы (100 г. сұйыққа 1 ас қасық жарма қосады) мен кисель қосуға болады.
- 5,5—6 айлық балаға 10 проценттік манний ботқасын, әр түрлі көкөніс пюресін (картоп, сәбіз, капуста, аралас пюрелер) береді, алғашқы кезде 2—3 қасықтай беріп, кейін 150 грамға дейін жеткізеді.
- 6—7 айлығында ет сорпасыш, пісірілген жұмыртқаның сары уызын;
- 7—8 айлық балаға — қытырлақ нан, печенье;
- 7,5—8 айлығында ет фаршын береді.
- 8 айлығында - 3 рет емізіл, 1 рет манний ботқасын (немесе басқа жармалан үгіліп майға пісірген ботқа), 1 рет 150 г көкөніс пюресін, бұдан басқа 70 г сорпа (көкөністің немесе еттің), 50 г ақ ірімшік (күн аралатып ақ ірімшік пен жұмыртқаның сары уызын араластырып үгіп береді), пісіріп үккен етті жегізеді (25—30 г).
- 10 айлық балаға ет пен балықты пюре жасап немесе фрикаделька түрінде береді.
- 11—12 айлық баланы 1 рет қана емізеді; тағамының рационына ет котлетін және сорпа енгізеді.
- Бір жастағы баланы емшектен шығаруға болады.

Бір жасқа дейінгі балалардың жасанды тамақтандырудың шамалап алынған жобасы

Тағамдар аты	Жасы, айлар									
	0-1	2	3	4	5	6	7	8	9	9-12
Бейімделген сүт қоспалары, мл	700-800	800-900	800-900	800-900	700	400	300-400	350	200	200
Жеміс шырыны, мл	Қажет болғанда			5-30	40-50	50-60	60	70	80	90-100
Жеміс пюресі, г				5-30	40-50	50-60	60	70	80	90-100
Сүзбе, г						40	40	40	40	50
Жұмыртқа сарысы,							0,25	0,5	0,5	0,5
Көкөніс пюресі, г					10-50	150	150	170	180	200
Сүтті ботқа пісірілген, кг						50-150	150	170	180	200
Ет пюресі							5-30	50	50	60-70
Айран	-	-	-	-	-	-	200	200	400	400
Нан, г								5	5	10
Кептіріліген нан, печенье						3,5	5	5	10	10-15
Өсімдік майы, г					3	3	3	5	5	6
Сары май, г						4	4	5	5	6

Дені сау бала бөлмесінің негізгі міндеттері:

1) Медицина қызметкерлерінің ерте жастағы балалар арасында алдын

денсаулық сақтау

7) медицина

алу шараларын жүргізуге арналған білімдері мен дағдыларын үзбей

5) медицина (булан бол

қызметкерлерін ауру

қызметкерлерін жүк қызметкерл

баланы күту мәселелерін шешу;

әйелдердің емизетін сүтін

кавалі бойынша

аналардың және ерте күту

айқындалған жағдайда ата

3) медицина қызметкерлерін

4) медицина қызметкерлерін

жастағы балалардың физик

аналардың іс-әрекеттері

жүкті әйелдерді босанғанға

ерте жастағы балаларды

физикалық және уш

аналардың іс-әрекеттері

дейінгі патронаж әдістемелеріне

патронаж әдістемелеріне оқыту;

оңтайлы тамақтан

лік және

ережелеріне оқыту

психоэлеуметтік

оқыту;

мәселелері жөнінде

жағдайда тамақтандыру

(емізу, қосымша ауруларын

және кенес беру

тамақтандыру, бін алдын

және сусындану тәртібі

сабақтарды тұрақты

бойынша оқыту;

«белсенді және алу

түрде жүргізу;

жауапты мәселелері

тамақтандыру»); бойынша

оқыту;

9) медицина қызметкерлерін ерте жастағы балаларға массаж және гимнастика жүргізу әдістеріне оқыту;

10) медицина қызметкерлерін балаларды мектепке дейінгі мекемелер ұжымдарына қосылуына дайындау мәселелері бойынша оқыту;

11) медицина қызметкерлерін АИТВ позитивті балалар мен туберкулезбен ауратын аналарды бақылау мәселелері бойынша оқыту;

ДБК өз жұмысын дербес және ұжымдық сұхбаттар, сондай-ақ практикалық сабақтар мен тренинг өткізу арқылы ұйымдастырады.



ДБК балалардың дамуы мен тәрбиелеу бойынша қажетті жұмыс медициналық құжаттамасын жүргізіп, нұсқаулық-әдістемелік материалдарды тіркеп отырады.




Дені сау бала бөлмесіндегі құжаттар және оларды толтыру ережелері:

наименование лечебного учреждения _____
Участок № _____
ДОУ (школа) _____

Страховой полис _____

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ РЕБЕНКА

Ф. _____
И. _____
О. _____
Дата рождения _____
Адрес _____



ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ РЕБЕНКА

Фамилия, имя _____

Дата рождения _____

Адрес проживания _____

Телефон _____



ДБК-ны жабдықтандырудың тізбесі:

№	Атауы	Саны
1.	Медицина қызметкеріне арналған үстел	1
2.	шкаф	2
3.	Шымылдық	1
4.	Орындық	5
5.	құндақтауға арналған үстел	1
6.	кушетка	1
7.	медициналық таразы	1
8.	бой өлшегіш	1
9.	жүкті әйелдермен және емізетін аналармен практикалық сабақтар өткізуге арналған қуыршақтар (манекендер)	2
10.	практикалық сабақтар өткізуге арналған жиынтық (сүнгі, шыны аяқ, шай қасық)	1
11.	үш жасқа дейінгі балалардың психоәлеуметтік дамуын ынталандыратын ойыншықтар жиынтығы	1
12.	Компьютер	1
13.	Теледидар	1
14.	Бейне немесе DVD-таспа	1

3 жасқа дейінгі балаларды медицина қызметкерлерінің қадағалау жиілігі

Жасы	Нәрестенің туған кезеңі	
	Келу күндерінің саны	
	дәрігер/фельдшер	Мейірбике
Перзентханадан үйге шығарылғаннан кейінгі алғашқы 3 күн	Дәрігер мен мейірбикенің үйге барып бірінші рет сәбиді тексеруі	
7-ші күні	-	Үйде
14-ші күні	1 – үйде	-
21-ші күні	-	Үйде
28-ші күні	-	Үйде
1 айлығында	1 рет қабылдауда	
Барлық тексерулер саны	3	4

6 айға дейінгі кезең

Жасы	Келу күндерінің саны	
	дәрігер/фельдшер	Мейірбике
2 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
3 айлығында	1рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
4 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
5 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
6 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
Барлық тексерулер саны	5	5
	10	

6 айдан 12 айға дейінгі кезең

Жасы	Келу күндерінің саны	
	Дәрігер/фельдшер	Мейірбике
7 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
8 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
9 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
10 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
11 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
12 айлығында	1 рет қабылдау	1 рет үйде тексеру
Барлық тексерулер саны	6	6
	12	

Қорытынды

- Баланың дұрыс тамақтануы (емшек сүтімен қоректендіруді және қосымша тамақтандыруды жалғастыру, тағамдық өнімдердің түрлерін көбейту, тағамды дайындау және сақтау гигиенасының ережесі).
- Жасына сәйкес психоәлеуметтік дамуы.
- Жасына сәйкес массаж және гимнастика
- Күн сайын серуенге шығу, жеткілікті мөлшердегі инсоляция
- Бала ауырған жағдайда өздерін ұстау және күтім жасау тәртібі (жәрдемге жүгінуді қажет ететін туған қауіпті белгілер, тамақтандыру режимінің бұзылуы)
- Қауіпсіз орта және жарақаттанудың және бақытсыз жағдайының алдын алудағы ата-ананың өздерін ұстауы.
- Баланы дамыту мақсатында оның күтіміне әкесін қатыстыру.
- Дәрігердің қабылдауында ай сайын болу.
- * Жасына сәйкес массаж және гимнастиканы қолдану

Қолданған әдебиет түрі:

- 1. Баймуханбетова Б.Н, Садвакасова М.А. «Балалар ауруларының пропедевтикасы» 2012ж Қарағанды.
- 2. Мазурин А.В, Воронцов И.М «Пропедевтика детских болезней», Фолиант, 2000
- 3. Б.Т. Түсіпкалиев Балалар ауруларының пропедевтикасы.
- 4. Е. Т. Дадамбаев “Емханалық педиатрия”
- Б. Х. Хабижанов “Педиатрия”
- <http://www.ipups.ru/articles/rahit>
- <http://www.fiziolive.ru/html/reabil/baby/rickets.htm>